



"Аяла" санаторлық бөбекжайы"КММ-сі

"Қарлығаш" ересек тобы

Тақырыптық іс-әрекет.

"Ана тілім-айбыным!"

Тәрбиеші: А.Каратаева

2024 жыл

«Қарлығаш» ересек жас тобы. 04.09.2024ж.

5-қыркүек қазақ халқы тілдер күніне орай өткізілген іс-шара.

Тақырыбы: «Ана тілім-айбыным.»

Мақсаты: Балаларды тілдер күнімен таныстыра отырып, ана-тіліне деген құрмет сезімін арттыру. Еліне, жеріне, тіліне деген мақтанышы мен патриоттық сезімге баулу.

Балалармен сәлемдесу рәсімін суреттер арқылы жүргізу.

Саламатсыздар ма, балалар! Бүгінгі күнімізді еліміздің әнұранымен бастайық.

Балалар біз қай елде тұрамыз?

---Қазақстанда!

---Қазақстан қандай мемлекет?

---Қазақстан тәуелсіз, көп ұлтты мемлекет.

---Біз қай тілде сөйлейміз?

---Қазақ тілінде сөйлейміз?

---Қазақ тілінде сөйлеу сендерге ұнайма?

---Ия, ұнайды.

Балалар біз қайтілде сөйлесекте «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы - тіл» екенін ұмытпайық.

Келіңдер қазақ тілінде сөйлейтінімізді дәлелдеп мына суреттер арқылы мақал – мәтелдерімізді айтып көрелік.

Мысалы: «Гүл - өссе жердің көркі, Қыз – өссе елдің көркі.»

Жарайсыңдар балалар!

Балалар, келіңдер біз үш командаға бөлініп, әр команда бөлінгеніне қарай қазақ халқының асықпен ойналатын ойындарын бірігіп ойнап көрелік.

1-топ жерде тізілген асықтарды, сақа асығымен шерту арқылы «кім епті?» ойынын ойнайсыздар.

2-топ қолымыздағы резенкеден жасалған рагатка арқылы асықтармен жардегі орналасқан шарларды дәлдеу арқылы «кім мерген?» ойынын ойнайсыздар.

3- топ әр балаға бес асықтан беріледі, біреуін жоғары лақтырып жердегі асықты алап және лақтырған асығымызды тосып алуымыз керек бұл ойын арқылы «кім жылдам?» ойынын ойнайсыздар.

Жарайсыздар, балалар ойында алдымызға жан салмайды екенбіз.

Балалар Қазақстан мемлекетінің неше рәмізі бар?

---Қазақстан Мемлекетінің үш рәмізі бар

Қандай-қандай рәміздер?

--- Ән ұраным, Елтаңбам, Көк туым!

Жарайсыздар, ендеше сіздерді үстел үстіндегі рәміздердің бірнеше бөлігінен тұсас бір рәсізді құрастырып берулеріңізді сұранамын.

Жарайсыздар балалар, сіздерге үлкен рахмет.

Бүгінгі іс-шарамыз осымен аяқталды.



